

8D06301 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Онлайн әлеуметтік желілерде саяси экстремизмді анықтау әдістері мен модельдерін әзірлеу және зерттеу» тақырыбындағы Багитова Каламкас Багитовнаның диссертациялық жұмысына

### **ШҚІР**

Қазіргі таңда онлайн әлеуметтік желілер бұқаралық ақпарат құралдарын таратудың негізгі құралдарының бірі болып табылады, оны жастардың едәуір бөлігі беделді және сенімді ақпараттың негізгі көзі деп санайды. Сөзсіз оң психоэмоционалды әсерден басқа, әлеуметтік желілердің таралуы саяси экстремизмге шақыруларды таратуда ыңғайлы платформа болып табылады. Сондықтан соңғы уақытта осы желілердің ресурстарында орналастырылған саяси экстремизм мазмұнды контентті жылдам анықтау үшін онлайн әлеуметтік желілерді автоматты түрде бақылау құралдарын әзірлеуге қызығушылық артты. Бұл құралдарды әзірлеуге айтарлықтай көп ғылыми және практикалық жұмыстар арналды, бірақ тәжірибе жағынан әлеуметтік желі ресурстарын семантикалық талдау тұрғысынан алғанда, қолданыстағы мониторинг құралдары жеткілікті тиімді емес екенін көрсетеді. Сонымен қатар, семантикалық тестілеу және графикалық талдау саласындағы қарқынды даму қазіргі заманғы нейрондық технологияларды пайдалана отырып, сәйкес үлгілер мен әдістерді әзірлеу арқылы онлайн әлеуметтік желілердің мәтіндік және графикалық материалдарында саяси экстремизмді тану тиімділігін айтарлықтай арттыру мүмкіндігін көрсетеді. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысының тақырыбы мен міндеттерінің өзектілігін түсіндіреді.

Диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігін растау оны Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің тапсырысы бойынша АР15473408 «Әлеуметтік желілердегі экстремистік мазмұнды анықтау модельдерін және әдістерін құрастыру» жобасы аясында жүзеге асыру болып табылады.

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында жалпы ғылыми және арнайы зерттеу әдістері де дұрыс пайдаланылды, бұл жүргізілген зерттеудің негізділігін растайды. Сондай-ақ диссертация нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі мәтіндік және графикалық мәліметтерді семантикалық талдау саласындағы белгілі нәтижелермен салыстырмалы талдау арқылы расталады. Сонымен қатар, диссертацияны дайындау барысында Багитова Қ.Б. қойылған зерттеу мақсатына жету үшін қажетті мәселелерді қою және шешу қабілетін көрсетті, сонымен қатар мәтіндік ақпаратты семантикалық және нейрондық желілік талдау саласындағы заманауи терминологияны меңгерді, бұл оның жоғары ғылыми біліктілігін растайды.

Диссертациялық жұмыс 8D06301 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығына сәйкес, аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және ғылыми басылымдарда жеткілікті түрде қамтылған құнды ғылыми нәтижелерді қамтиды.

Диссертациялық жұмыстың негізгі ғылыми құндылығы тілдің ерекшеліктерін ескеретін, онлайн әлеуметтік желілерде саяси экстремизм белгілерін көрсететін алғашқы қазақ тілінде әзірленген мәтіндер корпусында жатыр, бұл оның қазақ тілінде жазылған онлайн әлеуметтік желілердің мәтіндік ресурстарындағы саяси экстремизм мазмұнын тиімді анықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ онлайн әлеуметтік желілердің суреттері мен бейнематериалдарындағы саяси экстремизмді анықтаудың бірінші әзірленген әдісі ғылыми құндылыққа ие, ол ұсынылған алдын ала өңдеу модельдерін және нейрондық желіні талдауды, сондай-ақ кірісті бейімдеуге ұсынылған тәсілді қолдану арқылы графикалық ресурстар өлшемдерінің өзгермелілігіне нейрондық желі моделінің өрісінің өлшемдеріне сәйкестендіріп, онлайн әлеуметтік желілердің суреттері мен бейнелеріндегі экстремизмді саяси анықтау тиімділігін арттыруды қамтамасыз етеді. Осылайша, диссертациялық жұмыстың нәтижелері желілік әлеуметтік желілердің мәтіндік және графикалық материалдарын талдауға кешенді тәсілдің мүмкіндігін береді.

Қорытындылай келе, Багитова Каламкас Багитовнаның «Онлайн әлеуметтік желілерде саяси экстремизмді анықтау әдістері мен модельдерін әзірлеу және зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғары ғылыми деңгейде жүргізіліп, 8D06301 – «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді тағайындау ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді және философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші,

техника ғылымдарының докторы,

«Игорь Сикорский атындағы Киев политехникалық институты»

Украина Ұлттық техникалық университетінің

қолданбалы математика факультетінің

жүйелік бағдарламалау және

мамандандырылған компьютерлік жүйелер

кафедрасының профессоры

Терейковский И.А.

Республика Казахстан, город Алматы,

Двадцать шестое ноября две тысячи двадцать третьего года.

Перевод текста документа с русского языка на казахский язык выполнен переводчиком Онгаровой Ольгой Жекенбековной, 12.02.1990 года рождения, ИИН 900212400374 в городе Алматы, Республика Казахстан.

Подпись

*Онгарова Ольга Мемешеновна*

Республика Казахстан, город Алматы,

Двадцать шестое ноября две тысячи двадцать третьего года.

Я, Бултанкулов Уркен Бахытжанович, нотариус города Алматы Республики Казахстан, действующий на основании государственной лицензии № 17012502 от 11.07.2017 года, выданной Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи, сделанной переводчиком Онгаровой Ольгой Жекенбековной, которая сделана в моем присутствии. Личность переводчика, установлена, дееспособность и полномочия проверены.

Зарегистрировано в реестре за № 5072

Взыскано: сто четыре тенге государственная пошлина + одна тысяча семьсот двадцать пять тенге услуги правового и технического характера.

Нотариус



*Уркен Бахытжанович Бултанкулов*

не баулықталған  
капрошнурелань на  
акт /с/ ницах

*Handwritten signature*

*Large handwritten signature*

